

Дегенмен, КСРО-ның ішкі өндіріс-мобилизациясы, адам ресурсы, стратегиялық бейімделуі негізгі ауыртпалықты көтерді. Яғни, Lend-Lease - «қолдаушы/жылдамдатушы» күш; жеңісті түсіндіруде оны не асырып, не кемітіп көрсету ғылыми дәлдікке қайшы.

Қазақстанның орны. Соғыс экономикасының жүйелік буыны ретінде: эвакуацияланған өндіріс, шикізат, кадр/жұмыс күші, мәдени эвакуация орталықтары (киностудия, театр) – мұның бәрі одақтық машинаны ұстап тұрды.

Халықаралық тарихнамада (Кармак және кейінгі еңбектер) Қазақстан дербес объект ретінде көбірек көріне бастады; бұл бағытты күшейту үшін аймақтық архивтерді қазақ-орыс-ағылшын тілдерінде көбірек айналымға енгізу қажет.

Нәтижелер (қысқа тармақтар): Отандық тарихнама аймақтық үлесті архивтік дәлдікпен көрсетті; Кеңестік / ресейлік зерттеулер идеологиядан дерекке көшіп, тыйым салынған сюжеттерді ашты; Батыс / АҚШ тарихнамасы көп арналы; Lend-Lease төңірегінде екі негізгі лагерьдің дәлелдері бар, теңгерімді көзқарас - ең әділ; Қазақстан бейнесі халықаралық нарративте айқындала бастады, бірақ толық орнығуы үшін көптілді дерекайналым қажет.

Қорытындылай келе айтарымыз, Екінші дүниежүзілік соғыс тарихнамасы - көпдауысты алаң. Қазақстанның рөлін толық әрі әділ көрсету үшін отандық архивтік базаны батыс тілдеріне көбірек шығару, аймақтық деректерді әскери-операциялық және экономикалық-сандық талдаулармен ұштастыру қажет. Lend-Lease – КСРО-ға көрсетілген көмектің маңызды, бірақ жалғыз түсіндіруші факторы емес; жеңіс – көп факторлы құбылыс. Бүгінгі зерттеуші міндеті – идеологиялық филтерден ада, дерекке сүйенген теңгерімді картина жасау.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Кеннан, Дж. Ф. Ұзақ телеграмма (The Long Telegram). - Вашингтон: АҚШ Мемлекеттік департаменті, 1946. -17 б.
2. Гэддис, Дж. Л. Қырғи-қабақ соғыстың стратегиялары (Strategies of Containment). -Нью-Хейвен: Yale University Press, 1982. - 384 б.
3. Модсли, Э. Найзағай Шығыста: Нацистік-кеңестік соғыс, 1941–1945 (Thunder in the East: The Nazi-Soviet War, 1941-1945). - Лондон: Hodder Arnold, 2005. - 502 б.
4. Овери, Р. Ресейдің соғысы: Кеңестік күш-жігер тарихы, 1941-1945 (Russia's War: A History of the Soviet Effort, 1941-1945). - Лондон: Penguin Books, 1997. - 431 б.
5. Смелсер, Р., Дэвис, Э. Дж. II. Шығыс майданы мифі: Америкалық мәдениеттегі нацистік-кеңестік соғыс (The Myth of the Eastern Front: The Nazi-Soviet War in American Popular Culture). - Кембридж: Cambridge University Press, 2008. -327 б.
6. Кармак, Р. Дж. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Қазақстан: Мобилизация және этникалық саясат (Kazakhstan in World War II: Mobilization and Ethnicity in the Soviet Empire). - Канзас: University Press of Kansas, 2019. - 286 б.
7. Мәуітов, М., Алдажұманов, Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941–1945). -Алматы: Ғылым, 1985. - 278 б.
8. Қазақстан Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында (1941-1945). Құжаттар мен материалдар. -Алматы: ҚазКСР Ғылым академиясы, 1964–1967. - 2 т. - Т. 1: 512 б.; Т. 2: 496 б.
9. Ржешевский, О. А. Великая Отечественная война: История и современность. - Москва: Наука, 1985. -302 с.
10. Чубарьян, А. О. Вторая мировая война: Дискуссии и итоги. -Москва: Наука, 2010. - 448 с.

ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР СОҒЫСТАРЫ ҚЫТАЙ ДЕРЕКТЕРІНДЕ

Бірлік А.

Ғылыми жетекшісі: Астана қ., Astana International University, Өнер және гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі профессоры т.ғ.к. Өскембаев Қ.С.

Astana International University

Астана қ

k.uskembayev@gmail.com

Аңдатпа

Мақалада XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ-жоңғар соғыстарының тарихи сипаты, оның казак мемлекеттілігінің қалыптасуына және аймақтағы геосаяси өзгерістерге әсері қарастырылады. Зерттеу

барысында қытайдың ресми архивтік деректері, сонымен қатар Цин империясы тұсындағы тарихи құжаттар пайдаланылып, қазақ-жоңғар қатынастары сыртқы дипломатиялық көзқарас тұрғысынан талданды. Жоңғар мемлекетінің құлауы қазақтардың аймақтық саяси рөлін арттырып, қазақ билеушілерінің халықаралық дипломатияға тікелей қатысуына мүмкіндік бергені анықталды. Сонымен қатар, қазақ-жоңғар соғыстары халықтың тарихи жадында ұлттық тұтастық пен саяси бірлікті нығайтушы фактор ретінде сақталғаны көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері қытай дереккөздерін жүйелі пайдаланудың қазақ тарихындағы бірқатар мәселелерді жаңаша қарастыруға мүмкіндік беретінін дәлелдейді.

Кілт сөздер: қазақ-жоңғар соғыстары; қазақ мемлекеті; жоңғар хандығы; Цин империясы; қытай архив деректері; дипломатиялық қатынастар; Тянь-Шань өңірі; жоңғар мұрасы; геосаяси кеңістік; тарихи сана.

Кіріспе

XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ-жоңғар соғыстары Еуразия тарихындағы аса маңызды кезеңдердің бірі болып табылады, әрі бұл оқиғалар тек қана әскери сипаттағы қақтығыс емес, сонымен қатар қазақ мемлекеттілігінің ішкі қалыптасуы мен сыртқы саяси қатынастарындағы трансформациялық кезең ретінде көрініс тапты. Қазіргі таңда бұл соғысты зерттеу ұлттық тарихтың ажырамас бөлігіне айналып, қазақ халқының этникалық бірлігін қалыптастырудағы, саяси дамуындағы және дипломатиялық бағыт-бағдарындағы рөлі тереңірек қарастырылуда. Қазақ-жоңғар қатынасының тарихи сипатын объективті түрде түсіну үшін сыртқы жазба деректердің ішінде қытай архивтерінің материалдары ерекше орын алады. Цин империясының кең көлемдегі ресми құжаттары, дипломатиялық хаттамалары және әскери жазбалары қазақ-жоңғар соғыстарының барысы мен салдарын нақты деректер негізінде көрсетеді. Абдиләшім Д.-нің еңбегінде Цяньлун императорының қазақ сұлтандарына жолдаған хаттары мен нұсқаулықтарының мазмұны талданып, Цин билігінің қазақ хандығына қатысты көзқарасы, елшіліктер қабылдауы, қазақ билеушілерінің аймақтық саяси рөліне берген бағасы анықталады. Бұл зерттеу қазақ-қытай қатынастарының жоңғар құлағаннан кейін жаңа дипломатиялық кезеңге өткенін көрсетеді. Қытай деректерінде қазақ-жоңғар соғыстарының динамикасы әскери-стратегиялық тұрғыда егжей-тегжейлі баяндалады. Ци Гуан еңбегінде қазақ жасақтары мен жоңғар әскерінің нақты қақтығыс аймақтары, жорық маршруттары және соғыс тактикасының сипаттамасы беріледі. Бұл деректер қазақтардың жоңғарға қарсы әскери әрекеттерінің деңгейін, соғыс ұйымдастырушылық қабілетін және жоңғар мемлекетінің әскери қуатын бейтарап көзбен салыстыруға мүмкіндік береді. Қытайдың қазіргі зерттеушілерінің еңбектері жоңғар мұрасының тарихи маңызын ашып көрсетуде ерекше рөл атқарады. Ма Цыму жоңғар хандығының саяси-дипломатиялық мәдениетін Цин империясының тікелей қабылдауы мен пайдалануын талдай отырып, жоңғар-Цин-қазақ үшжақты тарихи өзара байланысын ашады. Ол Цин империясының Орта Азияға дипломатиялық шығуы жоңғар тәжірибесіне сүйенгенін, ал қазақтардың Цинмен тікелей келіссөз жүргізе бастауы аймақтағы жаңа саяси балансты қалыптастырғанын дәлелдейді. Бұл тұжырым қазақ-жоңғар соғысының тек екі жақтың әскери текетіресі ғана емес, аймақтық дипломатиялық өзара қатынастардың қалыптасуына тікелей әсер еткенін көрсетеді. Қазақ-жоңғар соғыстарының барысы мен нәтижелерін талдауда ерекше орын алатын негізгі дереккөздердің бірі - «平定准噶尔方略». Бұл жинақ Цин империясының жоңғар хандығын бағындыру науқанын әскери құжаттық негізде баяндап қана қоймай, жоңғар мемлекетінің күйреуінен кейінгі қазақтардың аумақтық қозғалысын, қазақ билеушілерімен жүргізілген дипломатиялық келіссөздерді және қазақтардың аймақтағы жаңа рөлін көрсетеді. Бұл дереккөз қазақ тарихын қайта талдауда нақты фактілік негіз береді. Осылайша, қазақ-жоңғар соғыстарын зерттеу бүгінгі күні тек бір халықтың әскери тарихын зерделеу ғана емес, жаһандық геосаяси тарихтағы көшпелі мемлекеттер қатынастарының модельдерін салыстыру, дипломатиялық қатынастардың қалыптасуын анықтау және қазақ мемлекеттілігінің аймақтық саяси кеңістіктегі орнын объективті түрде бағалау мәселесі болып отыр. Зерттеудің өзектілігі - қазақ-жоңғар соғыстарының тарихи салдарын қытай деректері негізінде талдау арқылы жаңа ғылыми интерпретация беру, қазақ мемлекеттілігінің тарихи континуумындағы орнын нақтылау, сондай-ақ қазақ тарихын аймақтық және халықаралық контексте қарастыру болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Бұл зерттеу жұмысы қазақ-жоңғар соғыстарының тарихи динамикасын, дипломатиялық аспектілерін және оның қазақ мемлекеттілігінің эволюциясына ықпалын талдау мақсатында әртүрлі тілдік және мазмұндық сипаттағы тарихи дереккөздерге сүйеніп жүргізілді. Зерттеу барысында қытай зерттеушілерінің еңбектері, мәнжүр тіліндегі әскери-хаттамалық құжаттар, жоңғар тарихына қатысты империялық есептер, сондай-ақ қазіргі замандағы отандық ғылыми зерттеулер пайдаланылды. Негізгі дереккөз ретінде XXI ғасырдағы қазақ-қытай дипломатиялық қатынастарына қатысты құжаттық

деректерді зерттеген Д. Абдиләшімнің еңбегі пайдаланылды. Онда Цин патшалығының қазақ билеушілеріне жолдаған ресми хаттары мен саяси нұсқаулықтарының мазмұны талданып, қазақ, жоңғар, қытай арасындағы сыртқы саяси байланыстарды реконструкциялауға мүмкіндік туды. Сонымен қатар, жоңғар-қазақ соғысының әскери сипаттамалары мен нақты кезеңдері Ци Гуанның зерттеуінде нақты деректер арқылы сипатталғандықтан, бұл материалдар соғыстың әскери тарихын талдауға қолданылды. Жоңғар мұрасының саяси және дипломатиялық салдары, Цин билігінің Орта Азиядағы әрекеттерінің жоңғар тәжірибесіне сүйенуі, қазақ-Цин қатынасындағы жаңа форматтағы диалогтың қалыптасуы Ма Цымудың зерттеуінде жан-жақты талданғандықтан, бұл зерттеу жұмысына контекстуалдық-модельдік түсіндіру қызметін атқарды. Сонымен бірге, «平定准噶尔方略» жинағы Цин империясының жоңғар хандығын талқандауы туралы ресми әскери-дипломатиялық есептерді қамтитын негізгі документалды база ретінде пайдаланылды. Мәнжүр тіліндегі бастапқы материалдар қазақ-жоңғар қатынастарының Цин архивтеріндегі шынайы бейнесін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында бірнеше ғылыми әдіс қолданылды. Біріншіден, деректанулық талдау әдісі архиматериалдардың түпнұсқалық мазмұнын анықтауға және құжаттардың тарихи шынайылығын бағалауға мүмкіндік берді. Екіншіден, тарихнамалық әдіс әртүрлі кезеңдегі зерттеушілердің пікірлерін, ғылыми интерпретацияларын салыстыру арқылы қазақ-жоңғар соғыстары жайлы көзқарастар эволюциясын анықтауға бағытталды. Үшіншіден, салыстырмалы-тарихи әдіс қытай деректерін қазақ ауыз әдебиетімен, қазақ шежірелік деректерімен және ресейлік мұрағаттық материалдармен салыстыра отырып қолданылды. Төртіншіден, құрылымдық-аналитикалық әдіс тарихи процесті тек оқиғалық тізбек ретінде емес, саяси және дипломатиялық құрылым ретінде түсіндіруге бағытталды. Зерттеу жұмысы көптеген тілдік қабаттағы дереккөздерді қазақша, қытайша және маньчжурша мәтіндерді параллель пайдалану арқылы жүргізілді, бұл қазақ-жоңғар соғыстарының тарихи бейнесін біржақты емес, кешенді түрде талдауға мүмкіндік берді.

Талқылау

Абдиләшім Дүйсенәлі өзінің «Қытай императорының қазақ сұлтанына жолдаған жарлығының тарихи маңызы» атты еңбегінде жоңғар мемлекетінің жойылуы қазақ-Қытай қатынастарының мүлде жаңа деңгейге өтуіне шешуші фактор болғанын атап көрсетеді. Мақалада автор: «жоңғарлардың жойылып, Қазақ хандығының Цин патшалығымен ресми қарым-қатынас орнатуы тікелей ықпал етті» деп жазады, бұл тарихи үдерістің басталуын 1757 жылмен байланыстырады. Бұл пікірде Абылай бастаған қазақ елшіліктерінің Аягөз бойында Цин ұстандарымен келіссөз жүргізуі және сол жылдан бастап Бейжіңге ресми елші жөнелтуі негізгі оқиға ретінде қарастырылады. Зерттеудің мәні - қазақ-жоңғар соғыстары аяқталғаннан кейін қазақтардың саяси вакуумды тиімді пайдалануы. Жоңғар қаупі жойылғаннан соң, қазақтың шығыс бөлігі, әсіресе Тарбағатай, Іле, Ертіс өңірі Абылай, Әбілмәмбет, Әбілпейіз бастаған хандар мен сұлтандардың билігіне өтті. Бұл тарихи өзгеріс қазақ дипломатиясының «қорғаныс режимінен» «инициатива режиміне» көшуіне мүмкіндік берді. Яғни, бұрынғыдай жоңғардың жойқын шапқыншылығынан қорғанбаған қазақ хандары енді өздері халықаралық саясаттағы ойынды басқаруға мүмкіндік алды. [1, 11-12-бет] Абдиләшім Дүйсенәлі көрсеткендей, жоңғардың саяси кеңістіктен жоғалуы қазақ мемлекеттілігіне әсер етіп қана қоймай, Қытай архивтерінде қазақ туралы деректердің мол көлемде пайда болуына жұмылдырды. Мәселен, мақалада 1757 жылға қатысты қазақ елшіліктерінің Цин патшалығына жолдаған хаттары мен жауап хаттары талданады; бұл хаттар деректанулық тұрғыдан аса құнды, себебі жоңғар кезеңіне қатысты нақты саяси терминдер мен мәртебелер анық көрінеді. Автор бұл ойды одан әрі дамытып, Сагучи Тору және Нода Джин тәрізді жапон тарихшыларының да пікірлерін байланыстырады. Яғни, жоңғар мәселесі тек қазақ-жоңғар соғыстарының тақырыбы емес, сонымен қатар Орталық Азияның XVIII ғ. геосаяси трансформациясының маңызды бір бөлігі ретінде қарастырылады. Қазақтың шығыс шекараларының қайта орнығуы, бұрын жоңғарлар билеген аймақтардың қазаққа өтуі - бұл империяаралық регионалдық баланстың өзгеруін аңғартады. Абдиләшімнің қорытынды ойы - жоңғар қаупі жойылғаннан кейін қазақ-Цин қатынастары өзгере бастады, қазақтың сыртқы саяси салмағы күшейді, ал Абылайдың тұлғасы қазақ мемлекеттілігін сақтап қалған және кеңейткен басты саяси фактор ретінде көрінеді. Бұл қытай деректерімен дәлелденген тұжырым: жоңғарлар жойылмайынша, қазақ мемлекеті толыққанды дипломатиялық субъект бола алмаған, ал жоңғардың жоқтығы қазаққа мүмкіндік есігін ашты [1, 2-бет] және [1, 11-12-бет].

Абдиләшім Дүйсенәлі «The Study of a Kazakh document in Chinese archives related to Khankhoja sultan's cattle trade and its historical significance» атты мақаласында жоңғар мемлекетінің жойылуынан кейінгі кезеңдегі Қазақ хандығы мен Цин империясы арасындағы саяси-экономикалық қатынастарды бір нақты құжат негізінде талдайды. Мақала кіріспесінде автор жоңғарлар жойылғаннан кейін Абылай

мен Әбілпейіз билеген шығыс қазақ бөлігінің Цяньлун императормен ресми дипломатиялық байланыс орнатқанын атап өтеді: 1757 жыл «сиыр жылы» ретінде қазақ құжаттарында жиі аталып, дәл осы жылы Кенжеқара бастаған қазақ елшілігінің Бейжіңге барып қайтуы екі жақты қатынастардың жаңа кезеңін ашқан ерекше оқиға ретінде сипатталады. Осы елшіліктің сәтті өтуі нәтижесінде қазақтар мен Цин арасындағы сауда жанданған, 1758 жылы Үрімжіде, 1761 жылы Іле (Құлжа) өңірінде, 1764 жылы Тарбағатайда жәрмеңкелер ашылып, қазақ-қытай тауар айырбасы жүйелі сипат ала бастағаны көрсетіледі [2, 40-44 б.]. Бұл - жоңғардың саяси сахнадан кетуімен тікелей байланысты жаңа геосаяси жағдай еді, қазақ даласы енді Цинмен тікелей сауда-дипломатиялық байланыс орнатушы негізгі күштердің біріне айналды деп түсіндіріледі. Мақаланың өзегі - XVIII ғасырдың соңында Шығыс қазақ даласын билеген Ханқожа сұлтанның Тарбағатайдағы циндік шенеуніктерге (амбандарға) жазған хаты. Автор бұл құжаттың түпнұсқасы Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатында сақталғанын, микрофильм нөмірі 145: 2979-2981 екенін нақты көрсетеді. [2, 40-44 б.] Хат көне жазба қазақ тілінде жазылған, тілі қарапайым, мазмұны терең, қазақтардың мал саудасы, Цин билігімен қатынасы және қазақ-қырғыз жанжалы туралы бағалы мәлімет береді. Хат мәтінінен қазақтардың Құлжа жәрмеңкесіне мал айдап апару кезінде жолда қырғыздардың «тонауына» ұшыраудан қауіптенгені, сондықтан малды Тарбағатай жәрмеңкесінде сатып, қауіпсіздікті жергілікті цин билігінен сұрағаны айқын көрінеді. Ханқожаның 800 қой мен 3 сиырды Тарбағатайда саудалап, үлкен ұлын Жанқожаны сауда жетекшісі етіп жібергені, ал Құлжаға тікелей бармаудың себебі ретінде қырғыз шабуылдары аталғаны - қазақ даласының ішкі және шекаралық қауіпсіздік жағдайын да, сауда жолдарының нақты географиясын да ашып береді. Абдиләшім бұдан әрі қазақ-қырғыз қатынасының қытай деректерінде қалай бейнеленгеніне тоқталады: Цин жазбаларында қырғыздар «шығыс» және «батыс» қырғыз деп екіге бөлініп, қазақтармен қақтығыстар көбіне Жетісу мен шығыс өңірге қатысты екені көрсетіледі. 1765 жылдан кейін қазақ жасақтары мен қырғыз арасындағы қақтығыстар жиілеп, бұл жағдай қазақтардың Құлжа бағытымен қауіпсіз жүріп-тұруына кедергі болғаны жазылған. Автор келтірген деректерде Ханқожаның Цин билігіне: «Қырғыз жолы қауіпті болғандықтан, балалар оқытатын молданы да аман жеткізе алмай отырмыз, біз қырғызға емес, сізге сенеміз, жолды сіздің қарауылыңызбен қамтамасыз етіңіз», - деп өтініш жасауы қазақ билеушілерінің Цин әкімшілігінен нақты әскери-қорғаныстық қолдау күткенін дәлелдейді. Осылайша, жоңғар шапқыншылығынан кейін қазақ даласы үшін жаңа қауіп көзі ретінде қырғыз факторын қытай материалдары арқылы көрсету - еңбектің маңызды тұстарының бірі. Мақалада автор Ханқожаның хатын жан-жақты ашу үшін тарих пен тарихи деректерді зерттеу әдістерін, сондай-ақ мәнжу және қытай тіліндегі түпнұсқа дереккөздерді қатар қолданғанын айтады. Нақтырақ айтқанда, XVIII ғасырдағы қытай жазба деректерінен және мәнжу тіліндегі хаттардан қазақ елшілері мен билеушілерінің есімдері, лауазымдары, Тарбағатай мен Іле өңіріндегі цин әкімшілігінің құрылымы, сауда жәрмеңкелерінің ашылу уақыты мен географиясы анықталады. Хаттағы терминдер - «амбан», «ван», «ұлы жәрмеңке», «Құлжа саудасы» сияқты ұғымдар мәнжу-қытай баламаларымен салыстырылып, «амбан», «батур амбан» секілді атаулардың мәнжу тіліндегі түбіріне (мысалы, hebei amban, meiren i janggin) сүйене отырып түсіндірілген. Осы арқылы Абдиләшім қазақ жазба деректеріндегі лауазым атауларының Цин бюрократиялық жүйесіне қалай сәйкестендірілгенін көрсетеді. Бұл зерттеу қазақ-жоңғар соғысы аяқталғаннан кейінгі кезеңде қазақ даласының халықаралық жағдайын түсіндіруге көмек береді: жоңғарлар жойылған соң қазақ билеушілері Цин империясымен тікелей дипломатиялық және сауда қатынас орнатты, ал сауда жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі қазақ-қырғыз қақтығыстарымен тығыз байланысты болды. Автордың қорытындысы бойынша, Ханқожаның Тарбағатай амбандарына жолдаған бұл хаты - қазақ-Цин экономикалық байланыстарының нақты жұмыс істеу механизмін (жәрмеңкелер, мал саны, бағыттар, қауіпсіздік сұрауы) көрсететін тұңғыш анық құжаттардың бірі әрі XVIII ғасырдың соңы - XIX ғасыр басындағы қазақ жазба тілін, көне орфографиясын, саяси терминологиясын зерттеуге аса қажетті дерек. [2, 40-44 б.]

Жапон зерттеушісі Хироюки Нагаминэ өз зерттеуінде «К вопросу о взаимоотношениях между Казахскими ханствами, Цинской и Российской империями» атты еңбегі арқылы XVIII ғасырдың орта шенінде қазақ хандығының Қытаймен байланыстары жоңғар мемлекетінің жойылуынан кейін жаңа деңгейге көтерілгенін айқын көрсетеді [3, 210-213 бет]. Автордың айтуынша, жоңғар қауіпінің жойылуы қазақтарды бұрынғыдай өз тағдырын тек Ресейдің көмегімен шешуге тәуелді етпей, Цинмен тікелей дипломатиялық қатынас орнатуға мүмкіндік берді. Нагаминэ атап өткендей, Абылайдың 1757 жылы Цяньлунға жолдаған хаты - екіжақты дипломатияның басталуының белгісі. Бұл хатта Абылай өзін «Великого эджена» - яғни Цин билеушісінің «альбату» - саяси бағыныштысы ретінде көрсетеді, алайда Нагаминэ мұны жоңғардан кейінгі қазақтың әлсіреуі емес, керісінше маневрлік дипломатиялық

тактика ретінде түсіндіреді: қазақтар Циннің алдында бейбіт қатынасты демонстрация ете отырып, іс жүзінде өз билігін сақтап қалуға және жоңғардың босатқан аумағын иеленуге ұмтылған. Бұл жерде автор қолданатын маңызды дерек - мәнжу тіліндегі «Запись об умиротворении Джунгара (平定準噶爾方略)», онда Абылайдың Цинге бағынуын түсіндіретін мәтін сақталған. Нагаминэ қытай тіліндегі аудармаға емес, дәл осы мәнжу тіліндегі мәтінге сүйенеді, себебі онда тілдік-ұғымдық реңктер өзгермей берілген: Абылай Цин билеушісіне «альбату» ретінде адалдығын білдіреді, ал Циннің қазақтарға қатысты жүргізген “политика свободнее-узды (цзими)” қазақтарды толық «цзун-фань» вассалы ретінде емес, жартылай автономды шекаралық серіктес ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. [3, 210-213 бет]. Нагаминэ жоңғар мәселесінің қазақ тарихындағы орнын сипаттай отырып, жоңғар мемлекетінің жойылуы қазақтардың Қытаймен қатынасын тікелей байланысқа айналдырғанын көрсетеді. Осы сәттен бастап қазақ дипломатиясы Ресей мен Цин арасында тең маневр жүргізді - мұны автор «двусторонняя дипломатическая политика» деп атайды. Қазақ хандары, әсіресе Абылай, Ресеймен арадағы хат алмасуда қазақ билеушісі ретінде әрекет етсе, Цинге жолданған хаттарда өздерін «альбату» деп көрсетіп, ішкі дипломатиялық риториканы екі бөлек форматта пайдаланған. Қазақ даласы жоңғардан азат болған соң қазақтар Қытаймен шекаралық аймақта нақты саяси ықпалға ие болды: Тарбағатай мен Іле бойындағы жайылымдар қазақтардың мал шаруашылығы үшін маңызды аймаққа айналды, ал Цин әкімшілігі сол аймақта «карун» бекеттерін орнатып, қазақтарды Циннің бақылау кеңістігіне біртіндеп енгізді - бұл процесті Нагаминэ «территориальный принцип» пен «личный принцип» арасындағы күрес ретінде сипаттайды [3, 210-213 бет]. Нагаминэ бұл еңбегінде жоңғар факторының тек әскери жағы емес, дипломатиялық-саяси салдарлары болғанын дәлелдейді: жоңғар мемлекетінің жойылуы қазақтардың Цинмен қатынасына тікелей жол ашты, ал қазақтардың осы кезеңде жүргізген көпвекторлы саясаты - қазақ мемлекеттілігінің өміршеңдігін сақтаудың тарихи механизмі болды. Қазақ хандары жеңілгеннен кейінгі бодан халық деңгейіне түспей, Цин мен Ресей сияқты ірі державалармен тең тілді дипломатиялық диалог жүргізе алды - Нагаминэ үшін бұл қазақ мемлекеттілігінің XVIII- XIX ғғ. саяси мәдениетінің жоғары деңгейінің дәлелі.

Ци Гуан өзінің «1727-1745 жылдардағы жоңғарлар мен қазақтардың соғысы» атты мақаласында қазақ-жоңғар қатынастарының әскери сипатын Цин патшалығының мәнжу және қытай тіліндегі ресми деректері арқылы тарқатады. Автор атап өтеді: жоңғар билеушісі Галдан-Цэрэннің кезінде (1727-1745) жоңғардың қазақтарға қатысты әскери әрекеттері жай кездейсоқ шапқыншылық емес, нақты геосаяси стратегиялық жоспарға бағынған. Бұл кезеңді Ци Гуан жоңғарлардың қазаққа қатысты «екі бағытты соғыс тактикасы» деп атайды: шығыстан - Алтай бағытымен, батыстан - Балқаш пен Қаратау бағытымен. 1733 жылы жоңғарлардың 10 000 әскермен қазақтарға қарсы ірі жорық жасауы туралы автор нақты әскери деректер келтіреді: Манджы-тайшы басқарған негізгі күш Іле өзені бойында шоғырланып, мұз қатқан Балқаш арқылы өтіп, қазақ жеріне оңтүстіктен соққы бергені, ал қосымша 3000-дық күш Алтайдан соққы беру үшін резервте тұрғаны жазылады [4, 14-15 бет]. Бұл деректердің барлығы мәнжу тіліндегі «清代新疆满文档案汇编» құжаттарынан алынған. Осы архивтік материалдар қазақ жағының әскери жағдайын сипаттағанда да айқын дәлелдеме береді: қазақтардың дәл сол жылдары мал-жайылымдарын шығысқа көшіруінің негізгі себебі жоңғар қысымы болғаны көрсетілген. Ци Гуанның еңбегінде 1731-1733 жылдары қазақ жасақтарының жоңғар жеріне шабуылдары да нақты көрсетіледі: онда қазақтар жоңғардың батыс шекарасынан 300-1000 отбасыны қолға түсірген жағдайлар баяндалады [4, 14- 15 бет]. Мұнда қазақтардың шабуылы әскери кеңістік пен суармалы аймақтарды бақылауға алуға бағытталғаны айтылады. Автор жоңғар-қазақ қақтығыстарының сипатын «шапқыншылық және қарсы шапқыншылық» түріндегі қайталама әскери цикл ретінде сипаттайды. Ци Гуан жоңғарлардың әскери артықшылықтарын ашып көрсетеді: біріншіден, жоңғар әскерінің орталықтанған басқару жүйесінің болуы; екіншіден, тұрақты әскери элита - тәжірибелі қолбасшылардың бар болуы; үшіншіден, жоңғардың Алтай-Іле-Жоңғар қақпасы арқылы қалыптасқан географиялық қорғаныс артықшылығы. Автор: «准噶尔的地形有利于展开军事防御; 而哈萨克的广大地区都是丘陵不利于防御» деп жазады [4, 15-16 бет]. Яғни жоңғар жері - қорғануға ыңғайлы, ал қазақ даласы - шабуылға ыңғайлы, бірақ қорғауға қиын. Ци Гуан қазақ әскерінің әлсіз тұстарын да талдайды: халық санының аз болуы, әскердің шашыраңқы болуы, жылдам мобилизацияның қиындығы, тұрақты әскери-басқару орталығының болмауы [4, 17 бет]. Соның салдарынан қазақ жасақтары көбіне қорғаныштық стратегияны - кеңістіктік шегінуді пайдаланған. Тіпті қазақтардың соғыс жылдарындағы «ұзақ көші-қон маневрін» автор әскери ауытқу техникасы ретінде түсіндіреді. 1732 жылғы қысқы шайқас туралы дерек ерекше маңызды: жоңғарлар қазақтың батыс-солтүстік аймағына қысқы тұтқиыл шабуыл ұйымдастырып, қазақ малдары мен отбасыларын

олжалауға тырысқан [4, 18 бет]. Бұл жоңғарлардың «қыста соғу» тактикалық артықшылығын көрсетеді: қазақтың малы әлсіреп, көш-кон шектеулі, әскер жинау қиын, осындай сәтте соққы беру тиімді болған. Еңбектің маңызды жаңалығы - қазақ-жоңғар соғыстарын тек әскери әрекет тұрғысынан емес, саяси мағынада бағалауында: жоңғарлардың Галдан-Цэрэн билігін заңдастыру үшін шапқыншылыққа барғаны, ал қазақтардың көрші тайпаларды өзіне тартуға тырысқаны айтылады [4, 13 бет]. Автор Клаузевицтің атақты «Соғыс дегеніміз - саясаттың басқа құралдармен жалғасуы» деген сөзін дәйек ретінде келтіреді. Осылайша, Ци Гуанның жұмысы қытай архивтері арқылы қазақ-жоңғар соғыстарының әскери хронологиясын, жауынгерлік қимылдар географиясын, әскер саны мен бағытын, стратегиялық ойлау принциптерін нақты фактологиялық негізде көрсетеді. Бұл мақала - қазақ-жоңғар соғысы туралы жазылған ең дәл, ең тікелей қытай деректеріне сүйенген зерттеулердің бірі. [4, 18-19 бет]

吴宏伟 мен 张昱 жазған «部落传统与哈萨克斯坦当代社会» («Рулық дәстүр және қазіргі Қазақстан қоғамы») атты еңбекте қазақ-жоңғар қатынастары қарастырылған тарихи контекст қазақ қоғамының этникалық бірлігі мен әлеуметтік құрылымының қалыптасуына тікелей әсер еткен маңызды фактор ретінде ашылады. Авторлар қазақ-жоңғар соғыстарының тарихи кезеңін жай әскери қарсыласу ретінде ғана емес, қазақ қоғамындағы этносаяси эволюцияның қозғаушы күші ретінде көрсетеді. Еңбектің 3-бетінде авторлар жоңғарлар мен қазақтардың қарым-қатынасын XV ғасырдың ортасынан бастайды, бұл жоңғар-қазақ қатынастары XVIII ғасырмен шектелмейтінін көрсетеді. Олар жоңғар мен қазақтың ұзақ уақыт бойы «жауынгерлік бәсекелес» болып келгенін атап өтеді. Мұнда тайпалық идентификацияның қалыптасуына сыртқы жаумен күрестің күшті әсері бар екені көрсетіледі. [5, 3 бет] «部落传统与哈萨克斯坦当代社会» еңбегінде 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды» кезеңіне ерекше тоқталады. Жоңғар шапқыншылығы қазақ даласына тек әскери зиян әкеліп қана қоймай, қазақтардың көші-қонын, рулық құрылымдардың қайта топтасуын тудырғаны жазылады. Бұл тек халықтың трагедиясы емес, бір мезгілде қазақ этнобірлігінің күшею процесіне бастама берді деп түсіндіріледі. [5, 3 бет] 4-бетте қазақтардың жоңғарларға қарсы ұйымдасқан қарымта әрекеті айтылған кезде, еңбекте қазақ қоғамындағы ішкі консолидацияның күшеюі, әсіресе Абылай ханның рөлінің артуы ерекше көрсетіледі. Бұл кезеңде қазақ руларының бытыраңқылығын жеңіп, сыртқы жауға қарсы ортақ әскери құрылымды қалыптастыру әрекеті күшейді. Қазақ жүздері арасындағы саяси-әлеуметтік байланыс нығайып, сыртқы жауға қарсы біріккен стратегиялық әрекеттер жасалды. [5, 4 бет] Авторлар жоңғар соғысы қазақ этникалық өз-санасының қалыптасуына, біртұтастық сезімінің күшеюіне әсер еткенін ерекше атап өтеді. Қазақтар үшін жоңғармен соғыс «территория үшін күрес» ғана емес, «этникалық өмір сүру үшін күрес» ретінде қабылданды. Осы соғыс жылдары қалыптасқан «ортақ жауға қарсы бірлік» қазақ этносының тұтастығын сақтап қалудың тарихи құралы ретінде көрінеді. «部落传统与哈萨克斯坦当代社会» атты еңбекте, жоңғар мемлекетінің Цин империясы тарапынан талқандалуы қазақтардың геосаяси жағдайын өзгертіп, қазақ-Цин зертті қарым-қатынасының тікелей басталуына мүмкіндік бергені айтылады. 1755-1758 жж. жоңғардың күйреуі қазақтар үшін жаңа геосаяси кеңістік ашты: қазақтар жоңғардан босап қалған жайылымдарды қайта игеруге кірісті, ал Цин империясымен дипломатиялық байланыс кеңейді. [5, 5 бет] Еңбектің қорытындысында авторлар жоңғар шапқыншылығы қазақ қоғамының бірлігіне кері емес, керісінше оң әсер еткенін алға тартады: сыртқы қысым рулық бөлінуді азайтып, этникалық бірігуді күшейтті; әскери қақтығыс ұлт ретінде өзін тану сезімін арттырды; саяси өмір мен тарихи тағдырдың ортақ екені түсінігін қалыптастырды. Бұл концепция еңбектің негізгі ғылыми тұжырымдарының бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абдиләшім Д. Қытай императорының қазақ сұлтанына жолдаған жарлығының тарихи маңызы // *Turkic Studies Journal*. - 2024. - Т. 6. - № 1. 7-22-бб.
2. Abdilashim D. The Study of a Kazakh document in Chinese archives related to Khankhoja sultan's cattle trade and its historical significance // *Bulletin of the Karaganda University. History. Philosophy series*. - 2023. - Vol. 4 (112). - P. 40-46.
3. Нагаминэ Х. К вопросу о взаимоотношениях между Казахскими ханствами, Цинской и Российской империями. Рецензия на книгу: Noda J., Onuma T. A Collection of Documents from the Kazakh Sultans to the Qing Dynasty // *Золотоордынское обозрение*. - 2021. - Т. 9, № 1. - С. 210-223.
4. 齐光. 1727—1745年准噶尔与哈萨克的战争 // *西部蒙古论坛*. - 2023. - №4. - 页14-29.
5. 吴宏伟, 张昱. 部落传统与哈萨克斯坦当代社会 // *俄罗斯东欧中亚研究*. - 2014. - №6. - 页 1-9.